


Веб технологиялар

Байқау туралы ереже

Астана қаласы, 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Бас сарапшы

 Д.В. Попов

« » 2024 ж.

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы Білім

Басқармасының басшысы

 Қ.С. Сенғазыев

« » 2024 ж.

Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру колледждері студенттері және 16-22 жас аралығындағы кәсіпорынның жас мамандары арасында «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын өткізу туралы
Е Р Е Ж Е

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын Астана қаласының Білім басқармасы өткізеді.
- 1.2. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» ШЖҚ МКК болып табылады.
- 1.3. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты нақты тапсырмалар орындау арқылы жұмыс сапасы бағаланатын байқау болып табылады.
- 1.4. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласының колледждері мен кәсіпорындарының студенттері арасында өткізіледі.

2. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласы кәсіпорындарының студенттері мен жас мамандары арасында веб-әзірлеуші саласы мамандығының беделін арттыру мақсатында өткізіледі.
- 2.2. Болашақ маманның құзыреттілігін дамыту, практикалық дағдыларын арттыруға және веб-әзірлеу саласында қызметкерлердің жоғары шеберлік деңгейін танымал етуге жәрдемдесу.
- 2.3. Білікті маман даярлау, олардың біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін жағдай жасауға жұмыс берушілердің қызығушылығын арттыру.
- 2.4. Республикалық конкурста қатысатын үміткерлерді анықтау.
- 2.5. Жұмыс берушілерді ынтымақтастыққа, бірлесе жұмыс жасауға тарту.
- 2.6. Веб-технологиялар саласы қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін, жұмыс сапасын арттыру, қызмет көрсету саласында жұмыс істеу дағдыларын мен тәсілдерін жетілдіру.
- 2.7. Кадрларды даярлаудың жаңа заманауи бағыттарын анықтауға, «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігінің дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдесу.

3. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты **2024 жылғы 22-28 мамыр аралығында** Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» ШЖҚ МКК Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 39, мекен-жайы бойынша өткізіледі.

3.2. Өтінімдерді (№1 қосымша) Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» ШЖҚ МКК wsk2021nursultan@mail.ru электронды поштасы бойынша **2024 жылдың 10 наурызға** дейін қабылдайды.

4. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. 2024 жылғы «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша 22 жасқа дейінгі қала кәсіпорындарының жас мамандары мен студенттері қатысады.

4.2. Әрбір оқу орны немесе кәсіпорын аталған құзырет бойынша өңірлік чемпионат сарапшыларының қатарына қосылатын бір ілеспе маман (сарапшы) бөледі.

5. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1. Қатысушылардың жасы 22 жастан аспауы тиіс
- 5.2. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша өтетін «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты жеке біріншілік болып табылады.
- 5.3. Чемпионат қатысушысына қойылатын міндетті талап – веб-әзірлеуші дағдыларына ие болу. Веб-әзірлеуші - веб-сайттар мен онлайн қосымшаларды құрумен және қолдаумен айналысатын ақпараттық технологиялар саласының қызметкері.
- 5.4. «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының қатысушысын ұйымдастырушылар барлық қажетті құралдарымен қамтамасыз етеді.
- 5.5. Чемпионатқа қатысушының нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді.
- 5.6. Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті.
- 5.7. Чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылары еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті (№2 қосымша). Қатысушының қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтамауы ұпайы санының кемуіне әкеледі. Қауіпсіздік талаптарын үнемі бұзу конкурста қатысушыны чемпионатқа қатысудан уақытша немесе тұрақты шеттетуге әкелуі мүмкін.

6. «ВЕБ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БОЙЫНША «WORLDSKILLS ASTANA 2024» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- 6.1. «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша екі модуль тапсырмаларын орындаудан тұрады, олардың сипаттамасы мен бағалау критерийлері жарыс басталардан бір ай бұрын беріледі.
- 6.2. Егер конкурста қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа конкурста қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы конкурстан шеттетілуі мүмкін.
- 6.3. Чемпионат сарапшылары тәжірибелі мамандар мен сала мамандары және компатриот-сарапшылар қатарынан бекітіледі.
- 6.4. Қатысушының ережелерді бұзуы айыппұл ретінде ұпай санын шегеру арқылы жазаланады.
- 6.5. Жұмысты орындау кезінде ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.
- 6.6. Практикалық тапсырмаларды орындауға 2 (екі) конкурстық күн беріледі.

**7. «ВЕБ-ДИЗАЙН ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БОЙЫНША
«WORLD SKILLS ASTANA 2024» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

- 7.1. Чемпионат қорытындысы CIS хаттамасы және соған негізделген сарапшылар хаттамасы негізінде айқындалады.
- 7.2. Сарапшылар орындалатын конкурстық тапсырмалардың қорытынды көрсеткіштерін чемпионаттың ұйымдастыру комитеті бекіткен бағалау критерийлеріне сәйкес айқындайды.
- 7.3. Жиынтық хаттаманың шешімімен «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының жеңімпаздары (1, 2 және 3 орын) анықталады.
- 7.4. Келесі номинациялар бойынша марапаттау қарастырылған:
 - бірінші орын - алтын медаль жүлдегері;
 - екінші орын - күміс медаль жүлдегері;
 - үшінші орын - қола медаль жүлдегері.

Медаль немесе ерекше марапат ала алмаған кез келген қатысушы «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына қатысқаны туралы сертификат алады.

№1 қосымша

«Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер
2024 жылдың 10 наурызға дейін келесі үлгі бойынша қабылданады

«WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты
«Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреті бойынша қатысушылар мен сарапшылар тізімі

| № | Аты-жөні, туған жылы | Ұйым, қатысушы | Жұмыс орны, лауазымы/оқу орны | Электронды пошта және телефон нөмірі | Жетекші |
|---|-------------------------|-------------------|-------------------------------------|--|---------|
| | | | | | |

Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 39, Астана қаласы әкімдігінің
«ASTANA POLYTECHNIC» Жоғары колледжі» ШЖҚ МКК, polytech@polytech.kz
электронды поштасы.

№2 қосымша

«Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024»
қалалық чемпионатына қатысушылардың жұмыс орнында еңбек қорғау және
қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама
ХАТТАМАСЫ

| № | Қатысушының/ сарапшының аты-жөні | Нұсқама берілген қатысушының / сарапшының қолы | Нұсқаушы техникалық сарапшының аты-жөні | Нұсқаушының қолы |
|---|-------------------------------------|---|--|---------------------|
| | | | | |